



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 32 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2013 жылғы 3 қазан

*«Монета жұлдыздары-2013»  
ескерткіш монеталардың жетінші халықаралық  
конкурсының қорытындылары туралы*

2013 жылғы 26 қыркүйекте Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) «Монета жұлдыздары-2013» ескерткіш монеталардың жетінші халықаралық конкурсының жеңімпаздарын және дипломанттарын марапаттау рәсімі өтті.

Биыл конкурсқа 30 елден 270 ескерткіш монеталардан астам және 28 монета сериясы ұсынылды. Конкурстың шарттары бойынша барлық осы монеталар 2012 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығында шығарылды.

Конкурс 9 негізгі номинация бойынша жүргізілді: «Бірегей идеялық шешім», «Табысты көркемдік шешім», «Айрықша технология», «Монета классикасы», «Кәдесый монета», «Жыл сериясы (шығарылымы)», «Жылдың күміс монетасы», «Жылдың алтын монетасы» және «Жыл монетасы». Жеңімпаздар сараптамалық қазылар алқасы мүшелерінің сырттай дауыс беруі барысында анықталады, оған 48 адам – халықаралық нумизматикалық қауымдастықтардың өкілдері, белгілі әлемдік мұражайлар мен аукцион үйлерінің, монеталар туралы мамандандырылған басылымдардың мамандары кіреді.

«Жыл монетасы» ретінде қазылар алқасы Ұлыбритания Корольдік монета сарайы ұсынған «Королева II Елизаветаның гауһар мерейтойы» атты алтын килограмдық монетаны атады. Бұл монетаның номиналы – 1000 фунт стерлинг.

Екінші орын – номиналы 10 000 рубль болатын «Ресей мемлекеттілігінің 1150 жылдығы» килограмдық алтын монетада. Монетаны Ресей Федерациясының Орталық банкі және Санкт-Петербург монета сарайы ұсынды.

Үшінші орынды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Тамғалы Петроглифтері» алтындатылған күміс монетасы жеңіп алды.



Сонымен бірге арнайы жүлде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне «Республика игілігі» монеталар сериясы үшін берілді. Бұл серияға төрт монета: «Есік көсемі», «Байқоңыр» монетасы және «Тамғалы Петроглифтері» екі күміс монетасы кіреді.



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:  
+7 (727)2704-639 E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)